



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№ \_\_\_\_\_  
№ 22-08.2024 № 4 \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның 2024  
жылғы 22 тамыздағы  
қаулысы**

**Астана қаласында, оның ішінде  
тұрғын алаптарында жол салу  
және жөндеу бойынша жүргізіліп  
жатқан жұмыстар туралы**

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) Астана қаласында, оның ішінде тұрғын үй алаптарында жол салу және жөндеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты тыңдап, талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

2024 жылы Астана қаласының 5 тұрғын алабында 7 жобаны іске асыру жоспарлануда:

- «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабы, сол жағы 1 кезек;
- «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабы, сол жағы 2 кезек;
- «Интернациональный» тұрғын алабы;
- «Железнодорожный» тұрғын алабы;
- «Тельман» тұрғын алабы;
- «Көктал-1» тұрғын алабы, 2 кезек;
- «Интернациональный» және «Мичурино» тұрғын алаптарына Электрмен жабдықтаудың сыртқы инженерлік желілері.

Қазіргі уақытта осы жобаларды іске асыру үшін 6,3 млрд.теңге бөлінді (жергілікті бюджет – 4,3 млрд. теңге, республикалық бюджет – 2 млрд. теңге).

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК мен (бұдан әрі – Орталық) 2023-2024 жылдары жол активтері сапасының сараптамасы шеңберінде 172 нысан қамтылды және 818-ге жуық инспекциялық шығу жүзеге асырылды.

Сараптама шеңберінде жұмыс өндіру технологиясының 73 бұзылуы анықталды (тұтқыр заттың ылғалдауы, битум эмульсиясының біркелкі бөлінбеуі, сегрегация, асфальтбетон жабыны қалыңдығының жеткіліксіздігі) және 2 224 жол-құрылыс материалдарының сынамасы сыналды, оның 643-і (28,91 %) стандарттар нормаларына сәйкес келмейді. 403 сынама жойылды.

Жол-құрылыс материалдарының анықталған сәйкессіздіктерінің негізгі себептері: мердігерлік ұйымдар зертханаларының нашар жарақтандырылуы, ал кейбір жағдайларда олардың мүлдем болмауы; шығарылатын өнімнің және келіп түсетін жол-құрылыс материалдарының сапасын бақылау бойынша минималды жұмыстарды жүзеге асыру; асфальтбетон зауыттары зертханаларының жарақтандырылмауы, жұмыстарды өндіру технологиясының сақталмауы және т. б. болып табылады.

Отырысқа дайындық аясында Астана қаласы мәслихатының депутаттары сайлаушылардан шағымдар түскен бірқатар жол инфрақұрылымы нысандарын аралады. Бұдан басқа, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы» ШЖҚ МКК (Котек109 орталығы) ұсынған деректерге сәйкес, 2024 жылдың басынан бастап жолдар мен тротуарлар жабынының бұзылуына қатысты 7 712 өтініш келіп түсті.

Тіркелген қақтығыстардың ең көп саны Сығанақ көшесінде, Республика, Мәңгілік ел даңғылдарында және «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабында байқалады. Өтініштердің сипаты жол бойындағы шұңқырларға, жолда асфальттың болмауына, өндірістік жұмыстардан кейін қалпына келтіруге және т. б. шағымдардан тұрады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Астана қаласында, оның ішінде тұрғын алаптарда жол салу және жөндеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ:

Абайға 150 жыл, Сұлукөл, Естай, С-308, Ақкемер тұйық көшесі, 24/1, «Тельман» ТА бірінші және екінші желісі арасындағы жол, 35 және 37 үйлер арасындағы Мұғалжар тұйық көшесі, Жайсан, Бұқар жырау көшелерінің жалғасы, әл-Фараби даңғылынан Бөкейхан көшесіне дейін, Қайсенов көшесі, Бұқар жырау көшесінен Ұлы дала даңғылына дейін, Тілендиев көшесіндегі көпір құрылысын аяқтау бойынша шаралар қабылдау;

мектеп жанындағы «Интернациональный» ТА, № 29 мектеп жанындағы және Екібастұз көшесіндегі «Железнодорожный» ТА-дағы

жолдарды, сондай-ақ «Мичурино» ТА-дағы жолдарды жөндеуге бюджеттік өтінім беру;

көпірлер салу бойынша кейінгі жобаларды іске асыру кезінде отандық өндірістің темірбетонын пайдалану мүмкіндігін қарастыру;

жол-көлік инфрақұрылымын дамыту перспективасына қатысты «Агроқалашық» ТА тұрғындарымен кездесу өткізу;

жолдарды жөндеу бойынша мердігерлермен шарттарды біржақты бұзу мәселесін пысықтау;

жөндеуі 2022 жылы жүргізілген жолдардың тізбесін ұсыну және мердігерлердің үш жылдық кепілдік мерзімі бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

2024 жылғы 10 қарашаға дейін елорда жолдарының цифрлық картасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізу және оны Астана қаласы мәслихатының депутаттарына таныстыру;

жол-көлік инфрақұрылымы объектілерін салу мен жөндеудің аяқталмаған жобалары бойынша талдау жүргізу;

мүдделі органдармен бірлесіп Астана қаласының он екі асфальтбетон зауытының зертханаларымен жарактандырылуын тексеруге бастама жасау, түгендеу қорытындысы бойынша асфальтбетон зауыттарының зертханаларын жете жарактандыру және жаңғырту жөнінде ұсынымдар беру;

зертханаларды автожол саласының жоғары білікті кадрларымен қамтамасыз ету мәселесін қарастыру;

жұмыстарды жүргізу кезінде ағымдағы жылы 31%-ды құрайтын дайын жабындардың талаптарына сәйкес келмеу фактілерін азайту үшін тығыздағыш өлшегіштермен (PQI-380 типі) орау сапасын анықтаудың экспресс-әдістерін енгізу;

асфальтбетон қоспаларын өндіруде полимерлі-битумды тұтқыр заттарды қолдануды қамтамасыз ету;

төсеуден кейін қозғалысты ашпас бұрын, қолданылатын битум тұтқырын (43°C-45°C) жұмсарту температурасынан аспауы тиіс жабынның температурасын тексеру;

балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік объектілерге кірме жолдар мәселелерін шешу;

толық қатаю және қажетті беріктікке қол жеткізу үшін асфальт төселгеннен кейін көлік қозғалысын белгілі бір уақытқа жабу мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.


3. Астана қаласы аудандарының әкімдіктеріне «Ертегі әлемі» ТК, «Inju Promenade» ТК және «View Park Family» ТК үй маңындағы аумақтардың жолдары мен тротуарларының сапасына шағымдарды жою жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын;

4. «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Авторлық және техникалық қадағалауға қатысты бұзушылықтар туралы мәліметтерді «Астана қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ-ға жолдауды ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының құрылыс,  
экология, көлік және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**



**В. Сергеев**